

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалау жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 17 қараша N 3761. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.07.06. N 417 жарлығымен. ~U000417

Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайту, Қарулы Күштер құрылымын жетілдіру мен қызметін ұйымдастыру, әскери басқару жүйесін қазіргі замандағы әскери-саяси және экономикалық талаптарға сәйкес келтіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскерлерінің түрлері мен тектері негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мынадай түрлері құрылсын:

- 1) Жалпы мақсаттағы күштер;
- 2) Әуе қорғанысы күштері;
- 3) <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен. U990282_

2. Былай деп белгіленсін:

1) әскери басқарудың орталық органы ретінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасында Қарулы Күштерге әскери-саяси басшылық, қорғаныс құрылысы функциялары мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлерін басқаруды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін қолдануды жедел стратегиялық жоспарлау функциясын жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы мына мерзімге:

1) 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін Мемлекет басшысына осы Жарлықтың 2-тармағының талаптарынан туындайтын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жаңа құрылымы мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының өкілеттіктерін жіктеу жөнінде ұсыныстар беретін болсын;

2) 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған қаруландыру мен әскери техниканы дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, 1998 жылдың 1 ақпанына дейін

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі екі ай мерзімде:

1) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын осы

Жарлыққа сәйкес келтіру туралы ұсыныстар әзірлеп, Мемлекет басшысы мен республика Парламентінің қарауына енгізсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы жарлыққа сәйкес келтірсін;

3) Осы Жарлықтан туындайтын басқа да шараларды қолданатын болсын.

5. Осы Жарлықтың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығына жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті